

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

М 13

*Баспаға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Майтанов Б.

М 13 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазак уни-
верситеті, 2017. Ш. 104. – 339 б., сур.

ISBN 978-601-04-2139-4

Бақытжан Майтанов – бүкіл саналы ғұмырын ғылымға, оның ішінде ардың ісі – әдебиетке арнаған жан. Әдебиеттанудың қиын да күрделі салаларын игеріп, қазақ қаламгерлерінің шығармаларын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеген ғалым туралы бұл кітапта өзінің қолтаңбасы түскен еңбектері, ұстаз-шәкірттері мен әріптес, замандастарының естеліктері, мұрағат құжаттары, фотосуреттері берілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-04-2139-4

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

Құрметті оқырман!

«Өнегелі өмір» сериясының келесі кітабы көрнекті әдебиеттанушы ғалым, танымал сыншы, Ш. Айтматов атындағы Халықаралық академияның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Қауасханұлы Майтановтың өмірі мен шығармашылығына арналған.

Б. Майтанов Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін 1974 жылы бітірген. Оқуды тамамдағаннан кейін бірден әдебиеттану саласында еңбек жолын бастады. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына аға лаборант болып қабылданды. 1975 жылы кіші ғылыми қызметкер бола жүріп, 1978 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. Оның қазақ әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбегі зор. Әсіресе әуезовтану саласында атқарған жұмыстарын ерекше атауға болады. Ол «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығына жетекшілік етті, әуезовтану бөлімінің меңгерушісі болды. «Мұхтар Әуезов – суреткер», «Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер», «Абай және Әуезов», «Әуезовтану», «М. Әуезов в литературной жизни Литвы», «Абай жолы» және «Тәуелсіздік рух: автор және адресат», тағы басқа монографиялар, оқу құралдарын жарыққа шығарды. Сонымен бірге «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті», «М.О. Әуезов шығармашылығындағы этно-мәдени дәстүрлер және ұлттық өрлеу үдерісі», «М.О. Әуезовтің көркемдік эстетикалық ізденістері», «М.О. Әуезов дәстүрлері және қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері», «М.О. Әуезов шығармашылығындағы тәуелсіздік идеясы», «Абай және М. Әуезов», «Жазушы шеберлігі» аталатын іргелі ғылыми-зерттеу жобаларына жетекшілік етті. Соның нәтижесінде «М.О. Әуезовтің этномәдени дәстүрлері» (2004), «М.О. Әуезовтің көркемдік-дүниетанымдық ізденістері» (2007), «М.О. Әуезов және қазіргі қазақ әдебиеті» (2009), «М.О. Әуезов шығармашылығындағы тәуелсіздік идеясы» (2009) атты көлемді ұжымдық монографиялар жарық көрді. Ең бастысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің елу томдық академиялық көптомдығының жарық көруіне тікелей басшылық жасаған ғалымдардың бірі болды.

Профессор Б. Майтановтың «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі», «Көркемдік нәрі», «Қаһарманның рухани әлемі», «Суреттеу мен мінездеу», «Қазақ романы және психологиялық талдау», «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы», «Сөз сыны», «Автор в повествовательной

человека искусства в особенности, обобщающе-философским, мировоззренческим вопросом онтологического порядка становится вопрос: «Что же останется после меня?». Не случайно Бахытжан Кауасканович приводит мудрые слова великого Абая:

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ
Бүгінгі өмір жаркылдап алдар бірақ.
Ертең өзін қайдасың, білемісін,
Өлмек үшін туғансың, ойлан, шырақ.

[Кітапта, 10-б.]

Профессор Б.К. Майтанов оставил после себя культурно, духовно значимое для казахской филологии, весомое научное наследие, сильную научную школу и, самое главное, светлую память о себе в сердцах его родных, близких, друзей, учеников, студентов.

Бахытжан Кауасканович не разменивался на мелочи. Он не был суетным карьеристом, приспособленцем. Мне кажется, он всегда знал свое истинное высокое предназначение: быть настоящим ученым и человеком. У него был уникальный дар – видеть и ценить главное: человечность, искренность, талант. Стремление к справедливости, честности перед Богом и собой очень сильно в нем проявлялось. Он не мог быть равнодушным, закоснелым, эгоистичным. Бахытжан Кауасканович обладал тонкой душой Поэта. Он писал стихи, стихи хорошие, добрые и немного грустные. Не терпел наглости, хамства. Бахытжан ага мог сказать открыто то, что думал, что не каждому дано. Это тоже отличает особенных людей.

Думаю, многие со мной согласятся: профессор Бахытжан Майтанов был звездой первой величины в современном казахском литературоведении. И свет этой звезды еще долго будет освещать путь многим ученым, как уже состоявшимся, так и молодым, только начинающим свой порой трудный, но всегда интересный путь в науке к своей звезде. Таким людям, как Бахытжан Кауасканович, в жизни, повседневности часто бывает нелегко, но даже после ухода их всегда помнят и уважают. А это и есть главное. Пусть земля вам будет пухом, дорогой Бахытжан ага! Мы всегда будем помнить о вас...

Литература

1. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер. — Алматы: «Жібек жолы», 2009. — 544 б.

*Гүлжаһан ОРДА,
филология ғылымдарының докторы*

«АДАМ КЕЙПІНДЕГІ ПЕРІШТЕ»
(Бақытжан Майтанов жөнінде бір үзік сыр)

2010 жылдың шілдесінде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шәкірт тәрбиелеп жүрген Бақытжан Майтанов шақырылды. Ол келген бойда қазіргі қазақ әдебиеті (бұрынғы қазақ совет әдебиеті) бөлімі тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет болып қайта құрылды. Бұл бөлімді басқаруға бүкіл ғұмырын ғылымға арнаған, соңғы он шақты жылын дәріс оқумен өткізген Бақытжан Қауасханұлы сай деп танылды. Бұрын тек сырттай ғана білетін біздер жаңа басшыға үрке қарағанымыз жасырын емес. «Жаңа сыпырғыш жаңаша сыпырады» деген орыс мақалын естіген бұрыннан істеп келе жатқан қызметкерлер жаңа бастыққа күмәнмен қарай бастадық. Себебі, соңғы он жыл бойы зерттеген кеңестік дәуір әдебиеті әдебиет тарихын зерттеумен айналысатын бөлімге ауыстырылды. Жаңа басшы қалай шешсе де өзі біледі. Сендер кеңестік дәуірді қаузап, біраз жылдан бері айналысып жүрсіндер ғой, енді сол бөлімге ауысуларына болады десе, қайтеміз деген қауіп те жоқ емес. Себебі, келген бойда өз шәкірттерін іздестіріп, ішінен қолынан жазу-сызу келеді деген бір-екеуін бөлімге ауыстырып та алды. Олардың бірі «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында жұмыс істеп жүрген – Қаныкей Ермек, екіншісі – ағайдың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғаған Қалиева Альмира. Ермек те жуырда кандидаттық диссертация қорғайын деп, аяғы жерге тимей шапқылап жүр. Жаңа құрылымның жүгі ауырлауына байланысты бөлімге жаңадан лаборант алынды, тағы бір-екі шәкіртін шақырса, бір бөлімнің қызметкерлері жасақталғалы тұр. Алайда, атам қазақ «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» дегенді тегін айтпаған екен. Сөйлесе келе Бақытжан ағайдың бөтен ойы жоқтығына көзіміз жете түсті.

Қай кезде де ғылымның қаға берісте қалып қоя беретін, назарға ілікпей жүре беретін жайлары көп болады. Сондықтан да болашақтан үміт күткен оптимистер болмаса, ғылымға екінің бірі тұрақтап қалуы неғайбыл. Әлемді шарлаған қаржылық тоқыраудың

алдымен ғылымды төніректеп жүргендерді жағалайтыны да жасырын емес. Осындай тығырыққа тірелген шақта екі қолыңды төбеге қойып, ғылымнан қашып кеткің келеді. Бақытжан ағай бізге келген сәтте осындай екіұдай күй кешіп жүрген болатынбыз. Күнкөрістің қамымен бас ауған жаққа кетуге тағы болмайды, не болса да бір кам жасау керек тәрізді. Бірақ, ғылыммен айналыспақ түтілі ғылымнан көңілі қалған адамдардың арасына келген жаңа басшы біздерге жаңа серпін алып келді. Жығылған рухымызды көтеріп, аяғынан тік басып тұруға мұрындық болған да Бақытжан Қауасханұлы болды. Пәлен жерде алтын бар, барсаң түк жоқ болатыны тәрізді, біздің арманымыздың бәрі бос қиял екенін айтып түсіндірді. Ол кісі «ғалымның хаты өлмейтіндігін» әртүрлі мысалдармен түсіндіріп бакты. Сөзіне қарағанда жуық арада ғылым саласына мемлекет тарапынан көңіл бөлінетіндей әсер етеді. Ғалым сөзіндегі ғылымға деген үлкен сенім біздің екіұдай көңілімізді оң жаққа бұра бастады. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осы болса керек. Біздердің аузымызға құм құйылды. Енді не болса да, өзіміз үйреніп қалған жұмыспен айналысуға тура келді. Айналысканда да тиіп-қашпай, бар жан дүниенмен беріле жұмыс жасау керектігін түсіндік.

Бақытжан Қауасханұлы келген соң, алдымызда келе жатқан тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай әдебиеттану ғылымына жаңа тарту жасау керек болды. Ғылымдағы талай жаңалықты ойлап тапқан өнертапқыш Сейіт Асқарұлы «XXI ғасыр әдебиеті (2001–2011)» атты ұжымдық монография жазу керектігін түсіндірді. Бұл бастама бәрімізге де ұнады. Оның үстіне біздің бөлім Қазақстан Республикасында күні бүгінге дейін ашылмаған жаңа атаумен аталды. Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет бөлімі осылайша жан баспаған дүниеге соны соқпақ салып, әдебиеттану ғылымына тыңнан түрен салмақ. Дегенмен, бұған дейін де бірсыпыра жекелеген қаламгерлер жөнінде жекелеген мақалалар мен зерттеулер жазылғаны белгілі. Алайда, бәрін бір жерге жинақтаған монографиялық үлгідегі академиялық зерттеу жоқ болатын. Қызметкерлер құрамы да сайдын тасындай жасақталған. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының бетпердесі мен абыройына айналған Серік Смайылұлы Қирабаев, Шериаздан Рүстемұлы Елеукенов сынды ағаларымыз да осы бөлімде қызмет етеді. Ендеше, ұрыста тұрыс жоқ. Жаңа тақырыпқа ие болған жаңа басшы ұжым мүшелерін жұмылған жұдырықтай бірлесе жұмыс істеуге бағыт-бағдар сілтеп, жөн көрсетті. Бәріміздің еншімізге

тақырыптар бөлініп берілді. Арамызда жаңа жаза бастаған жастарымыз да бар. Үлкен ағалар мен жастарға салмақ түсірмеу үшін жүктін ауырын көтеруге орта буын өкілдері араластық. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, осы тақырыпты Бақытжан ағайдың іскерлігімен, оп-оңай игеріп тастадық.

Мәуелі ағаштар піскен сайын еңкейетіні тәрізді Бақытжан ағай да өте кішіпейіл еді. Ұзақ жылдар әдебиеттегі психологизмді зерттегендіктен, өзі де әбден психолог болып, адамның жанын тез түсінетін болып алған. Кез келген адам туралы өзіндік пікірі бар және ол пікірді біреулердің сыпсың сөзі өзгерте алмайтын. Әсіресе, араға адам салып, жұмысқа келгісі келіп жүретіндерді ұнатпайтын. Өзі қолынан жазу келетіндерді құрметтегендіктен, төңірегіне тек жұмыс істей білетіндерді жинауғы тырысатын. Ағаларға құрмет жасаудың жақсы үлгісін де бір жылдың ішінде көрсетіп, үйретіп берді. Екі ағамызға артық күш салмай, өздеріне ыңғайлы тақырыптарды ғана икемдеп отыратын. Негізінде адам баласы қиын-қыстау сәттерде сынақтан өтеді ғой. Бір майданда болған жауынгерлер тәрізді біз де бір жылдың ішінде үлкен сынақтан өттік. Үш-төрт жылда істейтін жұмысты небәрі бір жылдың ішінде игеру қай-қайсымызға да оңай болған жоқ. Бар уақытты тиімді пайдалануды көздеген басшы бөлім қызметкерлерінен ай сайын жазбаша түрде есеп алып, жазған тарауларымыздың қолжазбасымен танысып отырды. Он екі айдың ішінде қанша шығарма оқимыз, қанша бет жазамыз бәрі де қолмен қойғандай белгілі еді. Әдеттегідей оқып жатырмыз, жазып жатырмыз, деп жүре беретін кулықтар бұл жолы жүзеге аспай қалды. Жатпай-тұрмай жұмыс істеуге тура келді. Ай сайын есеп беріп отырғандықтан, жылдағыдан әлдеқайда көп жұмысты игеріп тастадық. Директордың алдында бөлім меңгерушісі, меңгерушінің алдында қызметкерлер ұятқа қалмайық деген мақсатта бәріміз де жұмыла жұмыс жасадық. Осылайша, білдей бір институттың сенім артқан жұмысын бас-аяғы бір жылдың ішінде дөңгелетіп тастадық.

Қыруар жұмысты атқаруға біріншіден бөлім меңгерушісінің қызметкерлеріне деген үлкен сенімі себеп болды. Бәрімізді де жұмыс барысында «сенің қолыңнан келеді, сен жазасың» деп қамшылап отырды. Кез келген істі бастарда өзгелер күмәнмен қарап тұрса, әрине жүрексінесің. Ал, тақырып жетекшісі сенім артып тұрған жағдайда ол іске бел шеше кірісуге болады. Осылайша, аталған

ұжымдық монографияның дер шағында аяқталуына Бакытжан ағайдың ғылымдағы ұйымдастырушылығы бірден-бір себеп болды.

Ғылымға деген адалдығымен танылған ағамыз бәрімізге де өзінің іс-тәжірибесімен үлгі-өнеге көрсетіп отырды. Біздер әдетте жыл бойы жазған-сызғандарымызды мерзімді басылым беттерінде жарияламай отыра береміз. Ал, Бакытжан ағамыз кез келген мақаласын жазып болған бойда мерзімді басылым беттерінде жариялап отырады екен. Осы тәсілін бізге де жиі-жиі айтып, жарияланым жағын көбейту керектігін ескертіп жүрді. «Жақсыдан шарапат» деген осы болса керек, біз де көргенімізді істеуге бет бұрдық. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз» деп Абай айтқандай, ағамыздан көргенімізді істейміз деп жүріп жыл соңында қарасак, жылдағыдан әлдеқайда көп мақала жариялап тастаппыз.

Тағы бір айта кететін жайт – Бакытжан Қауасханұлы мерзімді басылым беттерінде шыққан мақалаларының, жасаған баяндамаларының тізімін жасап, оны үнемі толықтырып отыратын. Оған дейін де библиограф ұстазым Әбділхамит Нарымбетовтен біраз өнеге алған мен ол жағына құнтты болатынмын. Бірақ ұжымдық монографияларды шыққан бірнеше мақалада жеке көрсетпей, бір-ақ жерде көрсететінмін. Сөйтсем, Бакытжан ағай әр мақаласын жеке-жеке көрсетіп, оның бетін жазып қояды екен. «Үйрен де жирен» дегендей мен де осы тәсілге көштім. Сөйтсем, «Қазақ көркем сөзінің шеберлері» атты ұжымдық еңбектегі елуге жуық қаламгер менің еңбектерімнің тізімін әжептәуір молайтып тастады. Кейін ағамыз арамыздан кеткен соң, өзінің қасында бірге сыннан өткен шәкірттері тез арада оның библиографиясын жасауды қолға алдық. Себебі, екі-үш айдан кейін 60 жылдығын атап өтетініміз белгілі. Олай болса, ол шараға осы бастан кіріспесек, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп отыруымыз мүмкін. Ағамыздың мақалаларын жинай жүріп, өзіміз ұмытып кеткен біраз дүниелерімізді тауып жаттық. Міне, осы қасиеттердің барлығы да ғылым үшін таптырмайтын үлгі-өнеге еді. Бүгінде асыл ағамыздың өзімізге өнеге болған осындай істерін жарыса айтып отырамыз.

Біздің институтта калыптасқан бір дәстүр – Жаңа жыл мен Наурыз мерекесін ұжым мүшелерімен бірлесе қарсы алу. Мұндай мерекелерді асыға күтеміз. Жазу-сызудан шаршап жүргендердің жылына екі рет демалуға құқығы бар. Осындай отырыстарды Бакытжан аға да жақсы көретін. Себебі онда тек тамақ ішіп, сөз сөйлеу емес, өнер бәйгесі қызады. Ән айтатындар ән салып, би билейтіндер би

билеп, бар өнерін ортаға салады. Біз сияқты қара жаяулар қарап қалуды намыс көріп, сахналық қойылым дайындайды. Өзіміздің әріптестеріміздің бір қырын сахнаға алып шығып, бәріміз қыран-топан күлкіге бөленеміз де қаламыз. Әсіресе біздің бөлімнің қызметкерлері жұмыстағы белсенділіктерін осындай сәтте де танытып жатады. Кәсіби әншісі мен бишісі жоқ болғандықтан, бәріміз де қолымыздан келгенінен аянбаймыз. Сондағы қызықтар бізге біраз уақытқа дейін азық болады. Сондықтан мұндай отырыстардан бәріміз де қалмауға тырысамыз. Бастығымыздан бастап, бәріміз де сауықшылмыз. Ағай келген бойда біздің бөлімнің кіші ғылыми қызметкері Берікбол Мұқатай үйленіп, той болды. Бұл бөлімге соңғы жылдары ғана жастар келе бастағаны болмаса, 1992 жылы келген кіші ғылыми қызметкер мен болатынын да ең жасы болып жүретінмін. Бір үйдің баласындай тату-тәтті тіршілік етіп отырған біздер үшін, өз бөліміміздің қызметкерінің үйленуі үлкен қуаныш. Келінді де ұзақтан алған жоқпыз: Жұмағали Ысмағұлов ағайдың Шолпан деген қызы (Абайтану және жаңа әдебиет бөлімі). Жастардың тойы жақындаған кезде бөлімдегілер не істейміз деп дағдара бастадық. Сол кезде бөлім меңгерушісі Б. Майтанов: – Қаншадан жинаймыз, – деп сұрады. Біз қалай, не деп айтарымызды білмей отырғанда, өзі қайта сөзін жалғап, – университетте қалыптасқан дәстүрді айтты да мен бара алмаймын, менен сәлем айтыңдар, – деп тойға беретінін берді. Бөлімде араға көп жыл салып болған той бәріміз үшін де қызық өтті. Әсіресе, жаңа келген басшының қызметкерлерді ұйымдастырып, өзі бас болып бастама жасағаны қатты ұнады. Бакытжан аға тек қана жұмыс емес, осындай той-жиындарға да ерекше көңіл бөле білетін. 8 наурыз күні қыз біткеннің сыйлық күтетін әдеті. Сол күні ағай голландтық үш раушан гүлі мен үлкен торт алып келді. Жылдағы әдет бойынша бөлімдегі жігіттер бізді құттықтап, сыйлықтарын беріп, бар жылы сөздерін айтып жатты. Қайта-қайта суретке де түстік. Үш қыздың үлкені – мен, ағайдың кіші қарындасымен құрдас екенмін. Ал қалған екеуі қызындай жастар. Бүгінде ойлап қарасақ, баласындай қыздарға алтын уақытын бөліп отырудың өзі ағамыздың қарындасты ғана емес, әйел-аналарды сыйлауы еді.

Ағамыз біздің бөлімнің меңгерушісі болғандықтан, ол кісінің қазасы басқалардан гөрі бізге қаттырақ батты. Бөлім қызметкерлері кезекті жұма күндердің бірінде ағайдың рухына бағыштап құран оқып шыққалы барған болатынбыз. Әңгімеден әңгіме туып, бөлімдегі,

ғылымдағы ағайға қатысты оқиғаларды әңгімелеп, ол кісінің ғылымға деген адалдығын айтып жеткізе алмай отырғанымызда, Мәруан апамыз былай деді: – Періште деген сөзді орынды-орынсыз қолдануға болмайды ғой. Мен Бакытжанды елу жылға жуық уақыт білемін. Оның кәсібі, мамандығы жөнінде әріптестері біледі ғой. Ол ерекше жаратылған адам еді. Оған жазу-сызуды Алла тағала нәсіп етті. Өзіне ұнамаған тақырыбына әсте бармайтын. Ал ұнаған тақырыбын әп-сәтте қаузап, дөңгелетіп ала жөнелетін. Көп ізденіп, көп жазатын. Мерзімді басылым беттеріндегі мақалаларын оқыған тіпті басқа ғылым саласының адамдары үйге қоңырау шалып, пікірлесіп жататын. Бірде екеуміз жолда келе жатыр едік, бір кездейсоқ адам алдымыздан шығып, өзін таныстырды. Бакытжанды сырттай білетін заң ғылымының қызметкері екен. Ол Бакытжанның әрбір мақаласын қалт жібермей оқитынын айтып, сіздің пікірлеріңіз біздің заң ғылымымен үйлеседі. Бізде «дәлелдеуді дәлелдеу» деген термин бар. Ал, сіздің мақалаларыңыздың барлығы сол теориямен үндесіп жатады. Сондықтан сіздің қағидаларыңыз маған ұнайды, – деді. Иә, ол ғылым үшін туған жан еді. Алайда, отбасында Бакытжан өзінің ерекше туған жан екенін үнемі көрсетіп отыратын. Кім не десе, о десін менің ұғымымда Бакытжан «адам кейпіндегі періште еді», – деді. Өзіміз әдебиетші болсақ та, мұндай теңеу ойымызға келмепті. – Иә, – деп бас шұлғып отырып, маған осы жөнінде мақала жазу керек екен деген ой келді. Сондықтан осы естелікті Мәруан апайдың сөзімен атауды жөн деп санадым. Себебі, Бакытжан Қауасханұлы «Әдебиет – ардың ісі» екенін бар ісімен дәлелдеп кеткен, ғылым үшін туған, ғылымға адал қызмет еткен жан еді. Ол отбасында ғана емес, әдебиеттану ғылымында да өзінің періштедей пәктігімен есте қалары даусыз. «Адамды сынағың келсе, астына тақ бер» деп жатады. Небәрі бір жылдан аса уақыт бір бөлімде жұмыс істеген біздер асыл ағамыздың ғылымға деген адалдығына тәнті болдық. Өкінішке орай, ғылымдағы адалдық осы салада жүргендердің бәріне де ауадай қажет екенін біреу білсе, біреу білмейді. Қалай дегенде де Бакытжан Қауасханұлы Майтанов ұлттық әдебиеттану ғылымында үлкен биіктерді бағындырып, өз қолтаңбасын ойып қалдырған білімді де білікті ғалым еді.

*Келіс РАХЫМЖАНОВ,
филология ғылымдарының кандидаты*

ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚ АДАМЫ

Әр нәрсеге елігіп, ұнатқанын білгісі, көргісі кеп тұратын балалық шақта адамның ішкі дүниесінің қайырымды, табанды, іскер болып өсуіне көркем әдебиеттің берер азығы мол. Ерте күннен тәрбие алып, өзі қалаған нәрсеге үйреніп өсетін ортасы мен ұстаздары, мектепте, жоғары оқу орнында бірге жүрген замандас құрбылары жас адамның өмір жолында үлгі-өнеге, қамқор да қадірлі дос сияқты әрдайым онымен бірге тыныстап, бірге жүреді. Өмір жолында жас кезінде айналадан көрген жақсылықтар мен бойға сіңген әдеттер, басқалардың саған жасаған қамқорлығы мен көрсеткен өнегесі ешқашан естен кетпейді, ұмытылмайды. Араға қанша жыл салып, басқа жағдайда кезіккенде де сол адамдарды жақсы бір танысындай көріп сырласып, қасында болмаса, сыртынан айтып, жақын туысындай жаныңа тыныс көріп жүресің.

Қай адамның да көңіл төрінен орын алып, жүрегіне жылы сезім ұялата білетін, осындай достық сезімін айналадағы жұрттың бәрі бірдей түсініп, қастер тұтып, жүрек төрінде сақтай білуге келгенде онша жомарттық таныта бермейді. Шынайы дос пейілдің ізгілігі сонда, ол жұрттың бәрін өзіне ниеттес, тілектес деп, олардың ісіне де түсіністікпен қарайды. Үнемі іргелі ізденіс пен шабытты еңбек үстінде жүретін шығармашылық адамына тән осындай айналаға деген достық ниет, ізгі көмек, кеңпейіл әдебиет сыншысы, белгілі ғалым Бақытжан Майтановтың күнбе-күнгі қызметіндегі әрбір ісінен көрініп жатушы еді. Бақытжан аға жалпы көркем әдебиет пен ғылымға, өз айналасында жүрген ақын-жазушыларға өте биязы құрметпен қарайтын. Өз жазған мақалалары мен ғылыми еңбектерін компьютерге тергізер алдында таза қағазға мұнтаздай етіп көшіріп әкелетін.

Әдебиет сыны мен ғылыми зерттеулер ізденушіден үнемі еңбек үстінде болуды, басқалардың жазғанына жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Әдебиет сыншысы ретінде студент кезінде танылған Бақытжан аға өзінің әрбір еңбегін жазғанда шығармашылық адамының өмір жолы мен қоғамдық қызметінен гөрі оның еңбектерін талдап, өнерге әкелген жаңалықтары туралы көбірек сөз етуді басты мәселе деп білуші еді. Қай ақын-жазушы еңбегін талдап

2011

14 сәуірде «Тәуелсіздік және Жамбыл шығармашылығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда «Жамбыл: «Өтеген батыр» дастанындағы әсірелеу поэтикасы» атты тақырыпта баяндама жасады.

30 маусымда М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл толуына арналған «Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет пен өнердің даму үрдісі және болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда «Қазіргі поэзиядағы постмодернизм және бөрі архетипі» деген тақырыпта баяндама жасады.

27 қыркүйекте «Қазіргі әдебиеттану, өнертану және фольклортанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда «Қазіргі поэзиядағы тәуелсіздік тұжырымдамасы» атты тақырыпта баяндама жасады.

28 қыркүйекте түркі халықтарының ішінде тұңғыш рет жарық көрген М.О. Әуезовтің 50 томдық таңдамалы шығармаларының академиялық басылымының тұсаукесерінде сөз сөйледі.

7 қазан күні М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесінде «XXI ғасыр әдебиеті (2001–2011 ж.)» атты ұжымдық монографияның қолжазбасы туралы сөз сөйледі.

2011

17 қазанда дүниесі салды.

МАЗМҰНЫ

Бас редактордың кіріспе сөзі

Майтанов Бақытжан Қауасханұлы
Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, сыншы,
филология ғылымдарының докторы, профе
ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қы
қысқаша очеркі.....
Мұрағат құжаттары.....

Қолтаңба

Авторлық баяндау
Лиризм – стильдік құбылыс.....
XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихи мә
Әдебиеттану – адамтану.....
Мұхтар Әуезов және қазіргі проза тілі
Бізге қандай әдебиет керек?
Қазіргі қазақ поэзиясы және тәуелсіздік: уа
«Адам, дос және менің жалғасым»
Нұрлы өмірдің көзіндегі тамшы жас.....
Атаға лайық ғалым ұл.....
Поэтика образа автора

Б.Қ. Майтанов туралы мақалала

Қирабаев С. Талап пен талғам.....
Еспенбетов А. Ұмытылмайтын тұлға
Сейітжанов З. «Тіршілік шіркін – жіңішке»
Хамзин М. Парасатты азамат еді... ..
Мансұров З. Иман нұры төгілген текті азам
Әкім Т. Ең жақын інідей болған Бақытжан ..
Әбдешұлы Қ. Көш бастаған дарабоз
Жақып Б. Әдебиеттанудағы Майтанов теор
Тебегенов Т. Бақытжан Майтанов шығарма
ақындық пен ғылыми таным тұтастығы.....
Пірәлиева Г. Сөз мәйегін іздеген

Мәдібай Қ. Басты назар – бүгінгі әдебиетте.....	197
Салқынбай А. Қазақ әдебиетінің Бахтині.....	210
Абдулина А. Ученого дар вдохновенный.....	217
Сафронова Л. Междисциплинарные исследования в работах доктора филологических наук, профессора Б.К. Майтанова.....	221
Жарылғанов Ж. Б. Майтанов және ұлттық әдебиеттің теориялық мәселелері.....	224
Ананьева С. Современный литературный процесс Казахстана, его художественное своеобразие и особенности поэтики в трудах Б. Майтанова	231
Кайшыбаева Р. Комплексный исследователь художественного творчества.....	238
Изатов А.И. Воспоминание о Бахытжане.....	242
Мейірманов Ғ. Есімі мәңгі есте болады	243
Қунаев Д. Памяти замечательного человека и крупного ученого	246
Алтыбаева С. Звезда первой величины современного литературоведения Казахстана.....	249
Орда Г. «Адам кейпіндегі періште».....	255
Рахымжанов К. Шынайы достық адамы.....	261
Қаныкейұлы Е. Жанында жүрдік жаксының.....	268
Қалиева А. Ұстаз. Ғалым	272
Сағымбекқызы Б. Достықтың кәдірі ерекше	278
Жетпісбаева Б. Источник вдохновения ученого	280
Акашева С. Теория психологизма в трудах Б.К. Майтанова.....	286
Қамарова Н. Ұстаз үлгісі ұмытылмайды	293
Ахет М., Атығай Б. Майтанов мектебі.....	296
Әбдікүлова Р. Бақытжан Майтанов – қазақ әдебиеттануындағы жаңа бағыттың көшбасшысы	300
Майтанова М. Мағыналы ғұмыр	314
 Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Қ. Майтанов еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	320
Б.Қ. Майтановтың ғылыми жетекшілігімен қорғалған докторлық және кандидаттық диссертациялар	333
Филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Қауасханұлы Майтановтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері.....	334

Бақытжан Майтанов

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

104-шығарылым

ИБ №10680

Басуға 06.04.2017 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Көлемі 22,875 б.т. Тапсырыс №1008а. Таралымы 500 дана.

Сандық басылыс. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды